

**«Шығыстың қос шынары:
М.Мәметова, Х.Доспанова» тақырыбында
дөңгелек үстел өткізу туралы
ЕСЕП**

«Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында ҚарТУ – дің ТТ-21-1 тобында «Шығыстың қос шынары: М.Мәметова, Х.Доспанова» тақырыбында дөңгелек үстел өтті. М.Мәметова мен Х.Доспанова 100 жылдығына арналған.

Дөңгелек үстел мақсаты – «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру, сондай-ақ патриоттық сезім мен туған жерге деген мақтаныш сезімін қалыптастыруға ықпал ету.

Оқушылар баяндамалар мен слайд презентацияларын дайындады:

1. «Мәншүктің өлмес ерлігі» - Қағазбаева Аяна.
2. «Ержүрек ұшқыш Хиуаз Доспанова» Елеу Диас.

Мерекеев Бекзат, Насырхан Асқар осы тақырыпта ғылыми-көркем әдебиеттер туралы ақпараттан тұратын слайд-презентация дайындады.

Дөңгелек үстел тақырыбын талқылау барысында қатысушылар Ұлы Отан соғысы жылдарындағы әйелдердің майдандағы және тылдағы ерліктерін ерекше атап өтті.

Топ студенттері Алдамұратов А, Насырхан А М.Хәкімжанованың «Мәншүк» поэмасы, режиссер М.С.Бегалин 1969 жылы А.С.Кончаловский сценарийі бойынша түсірілген «Песнь о Маншук» фильмі (Мәншүк М ролін сомдаған Н.У.Аринбасарова), И.В.Ракобольская мен Н.Ф.Кравцованың «Нас называли ночными ведьмами». деп атайтын кітабы туралы әңгімеледі.

Студенттер Ахмет Ә, Қуантай Д М.Мәметова мен Х.Доспанованың есімдері қандай мектептерге, көшелерге берілгені туралы, Орал, Ақтөбе қалаларындағы М.Мәметованың мұражай-үйі, Нұр-Сұлтандағы Мәншүк Мәметова атындағы киім фабрикасы туралы мәліметтер дайындады. Ерболұлы А «Эйр Астана» ұшағына және Атырау халықаралық әуежайына Хиуаз Доспанованың есімі берілгенін, әуежай ғимаратының алдында майдангер ұшқыш Хиуаз Доспанованың ескерткіші орнатылғанын атап өтті. Атыраудағы Спорт сарайына Ұлы Отан соғысының аты аңызға айналған ұшқышы Хиуаз Доспанованың есімі берілді. Әмірбек Е Хиуаз Доспанова туралы «Рахмет айтып үлгер» деректі фильмінен үзінді дайындады.

Дөңгелек үстел Нұрбекова Мақпал, Ахмет Әділ, Садық Нұрболат, Ерболұлы Абылайханның батырлар туралы өлеңдерді оқумен аяқталды.

Хиуаз әркез асыл жансыз ардақты,
Өр халқымның батыр қызы салмақты.
Атыраудан шыққан қайсар қыз едін,
Пенден саған осы жырды арнапты
Әлия, Мәншүк апамыздай қаһарлы
Апанға түскен жолбарыстай жұлқынған

Бақытқа бөлеп нұрлы әсем шаһарды
Өзің жайлы көкіректе жыр тұнған
Соғыс келіп, қисайғандай өр халқымда кереге,
Еске алып, көз жүгіртсек рухпенен көнеге
Алты шепке ерікпенен өзі шыққан жұлықынып
Доспанова Хиуаздың игі істері өнеге
Жеңіспен үміті оның ақталды
Ел-жұрты батыр қыз деп мақтанады
Мәншүктің өзі өмірден өткенменен
Есімі мәңгі бақи сақталады.

Өз өлең жолдарын шығарған- Жанахов Айбат
Шығыстың қос жұлдыздары

Кімдер десең бұларды?
Шығыстың қос жұлдыздары
Мазамды ұрлап алғандай
Соғыстың түңгі ызғары
Қару алған, елім деп, қан-тер төккен
Жүгіріп жүр қазағымның ұл-қыздары
Ерімейді күнді әкеп берсенде
Қатып қалған көңілдің бұл мұздары
Бәріде елім үшін, жеңіс үшін
Ұрпақ жейтін болашақ жеміс үшін
Біз білмейміз қандай ойда болғандарын
Сезгендеймін бойларынаң теңіз күшін
Салқын дала, салқын қолда қарулары
Салқын жүрек, қарсы қазақ арулары
Сенім берген, күш берген, үміт берген
Жеңіспенең үй-ошаққа бару

Жауапты

Тлеугабылова К.С.

